

ХАБАРЛАМА

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы («Қоғам» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ), **заңды мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев көшесі, 10 үй, **нақты мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қ., Е-10 көшесі, 17/12 үй, осымен өз акционерлеріне Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қ., Е-10 көшесі, 17/12 үй, 3 қабат мекенжайы бойынша 2019 жылғы 30 мамырда 11 сағат 00 минутта (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) төменде көрсетілген күн тәртібімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтетіндігі туралы хабарлайды:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының Төрағасы мен Хатшысын сайлау туралы.

2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының дауыс беру нысанын анықтау туралы.

3. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында есеп комиссиясының мүшелерін сайлау туралы.

4. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.

5. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық қаржылық (жеке және шоғырландырылған) есептілігін бекіту туралы.

6. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, дивидендтер төлеу туралы шешімі және 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

7. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері туралы мәселені және оларды 2018 жылы қараудың нәтижелерін қарау.

8. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің 2018 жылы төленген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы мәселені қарау.

9. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.

10. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізуге «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі бастамашылық етті (2019 жылғы 30 сәуірдегі № 5/19 хаттама).

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты - 9 сағат 00 минут (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша).

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты - 10 сағат 30 минут (Нұр-

Сұлтан уақыты бойынша).

Кворум болмаған жағдайда, Қоғам акционерлерінің қайталама жылдық жалпы жиналысы сол күн тәртібімен акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген жерде 2019 жылғы 31 мамырда 11 сағат 00 минутта (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) ашылады. Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты - 9 сағат 00 минут (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша). Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты - 10 сағат 30 минут (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша).

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні мен уақыты - 2019 жылғы 3 мамыр 0 сағат 00 минут (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша).

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 10 күннен кешіктірмей "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ АҚ ғимаратында мына мекен-жай бойынша дайын болады: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қ., Е-10 к-сі, 17/12 үй, 18 қабат, 11 кабинет жұмыс күндері сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін (Нұр-Сұлтан қ.). Қоғам акционерінің сұратылымы болған жағдайда, Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар ондай акционерге сұратылым алынған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолданатын болады, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді. Акционерлердің өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның нақты мекен-жайында қабылданады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 35-52 баптарына сәйкес өткізіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу тәртібі

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізілгеннен кейін ашылатын болады. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес келетін және оның «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысу өкілеттігін растайтын сенімхат көрсетуі тиіс. Тіркеуден өтпеген акционердің (акционердің өкілінің) дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл ретте мұндай тұлғалар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы төрағасының рұқсатымен сөз сөйлей алады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы кворум бар болған жағдайда жарияланған уақытында ашылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлауды өткізеді. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының хатшысы Қоғамның корпоративтік хатшысы болып табылады. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің барлығы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының құрамына кіретін жағдайды қоспағанда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының мүшелері «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы дауыс беру нысанын – ашық немесе жабық (бюллетеньдер бойынша) анықтайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылудағы сұрақ бойынша жарыссөздерді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы төрағасының күн тәртібіндегі сұрақтарды талқылауға қатысу құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге, мұндай сөз сөйлеу «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелетін немесе бұл сұрақ бойынша жарыссөздер тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, құқығы жоқ.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс және жұмыс істеу мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген сұрақтардың қаралуын келесі күнге көшіру туралы шешім қабылдауға құқылы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақтардың барлығы қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабылды деп жариялана алады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын қайта өткізу бастапқы (өтпей қалған) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу белгіленген күннен кейінгі кемінде келесі күні тағайындала алады.

Өтпей қалған жиналыстың орнына қайта өткізілетін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

- кворум болмауы себебінен өтпей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;
- тіркеу аяқталған мезетке жиналысқа қатысу үшін жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан көп пайызына иелік ететін акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелсе.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы

жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқықтары бар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің тізімін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде құрады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңымен («Заң») және (немесе) Қоғам Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға құқығы бар.

Жаһандық Депозитарлық Қолхаттар ұстаушылары қолданыстағы қазақстандық заңнамаға сәйкес бенефициарлық иелік етушілерге қатысты талап етілетін сәйкестендіру және басқа ақпаратты Депозитарий (Citibank N.A.) арқылы «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-на ұсыну шартымен, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналыстарында бенефициарлық иелік етушілер атынан депозиттелген акцияларға қатысты дауыс беру құқығына ие.